FREEDOM BROKER

2023 жылғы 1 мамырдағы қорытындысы бойынша есеп

«FIXED INCOME USD» АИПҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ

СЕНІМДІЛІК

Сіздің активтеріңіз басқарушы компаниядан бөлек сақталады

Кастодиан-банк: Halyk Bank.

Сіз өзіңізге басқарушы компания мен банктің тәуекелдерін қабылдамайсыз.

ДИВИДЕНДТЕР

Инвесторлар қорды басқару нәтижесіне қарамастан дивидендтер алады.

ӨТІМДІЛІК

Қор KASE Қазақстан қор биржасында саудаланады. Салымшылар қордан ашық нарықта шыға алады. Сіз жылдың кез келген сауда күні ақша алып, кірісіңізді тіркей аласыз.

ҚОРДЫҢ СТРАТЕГИЯСЫ

Инвесторлар Қорға инвестициялау арқылы оларға тұрақты валютада көрсетілген дамыған және дамып келе жатқан нарықтар борыш құралдарына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Қор эмитенттердің тәуелсіз, сондай-ақ корпоративтік облигацияларына инвестиция салады.

Инвесторлар «Fixed Income USD» АИПҚ-қа инвестициялай отырып, тәуекелдің оңтайлы деңгейіне сене отырып, банктік валюталық салымдармен салыстырғанда бәсекелестік кірістілік ала алады.

2019 жылғы 14 қазаннан бері Қор жылдық 3% мөлшерінде дивидендтер төлеуді жүзеге асырып келеді. Басқарушы компанияның шешімі бойынша жоғарыда көрсетілген дивидендтерді төлеуден басқа, Қор пай ұстаушыларға дивидендтер төлеуді пай құнының өсуінен жарты жылда 1 рет жүзеге асырады.

ҚОРДЫҢ ПАРАМЕТРЛЕРІ

Түрі: аралық инвестициялық пай

Атауы: «Fixed Income USD»

Құрылған күні: 2017 жылғы 8 қазан

Кастодиан - Банк:
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ

Басқарушы компанияның сыйақысы:

- басқарғаны үшін комиссия: жылдық 1,5%
- табыс үшін комиссия - инвестиялық декларацияға сәйкес.

Қорға инвестициялаудың артықшылықтары:

- әртараптандырылған бағалы қағаздар портфеліне инвестициялау;
- пайды сатып алудың/сатудың оңайлығы;
- жеңілдікпен салық салу.

Пайшылардың артықшылықтары:

- портфельді басқарғаны үшін Басқарушы компанияның оңтайлы комиссиялық сыйақысы;
- Пай ұстаушыларға дивидендтердің кепілдік берілген төлемі тиісті жылдың соңында пайлардың санына тепе-тең етіп жыл сайын қордың таза активтері құнының 3% мөлшерінде жүргізіледі.

Пай және таза активтер құнының динамикасы

Пайдың құны **154,43292 АҚШ доллар**ы болғанда, Қордың таза активтерінің құны 2023 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша жыл басындағы мәнмен салыстырғанда – **1,68%-ке** төмендеді, теңгенің АҚШ долларына қатысты нығаюына байланысты және **4 681 707 859,82 теңгені құрады.**

Пай құны, USD



Таза активтер, МЛН KZT



Таза активтер = активтер - міндеттемелер

ПОРТФЕЛЬДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Құралдардың сыныптары:



01.05.2023 жылғы жағдай бойынша Қор портфелінің негізін мемлекеттік облигациялар және экономиканың түрлі секторларының корпоративтік облигациялары - кірістілігі тұрақты құралдар құрады.

01.05.2023 жылғы жағдай бойынша Қордың инвестициялық портфелі мынадай құралдардың сыныптарын қамтыды:

Облигациялар - Қор активтерінен жиынтық үлесі 100%



Қордың кірістілігі тұрақты құралдары портфелінің мынадай құрылымы бар:

- **Мемлекеттік облигациялар – 15,68%**
- **Корпоративтік облигацияла – 84,32%**

Валюталық құрылым



Қорды басқару стратегиясына сәйкес, сондай-ақ дамыған елдердегі валюталардың нығаюының күтілуіне байланысты Қордың таза активтерінің валюталық құрылымы төмендегідей:

- **АҚШ доллары – 81,64%**
- **Евро – 2,62%**
- **Қазақстандық теңге – 15,74%**

Корпоративтік облигациялардың портфелін экономиканың мынадай секторларының эмитенттері ұсынды: қаржы секторындағы эмитенттердің облигацияларының үлесі – 25,87%, Қордың инвестициялық портфелінің ауыл шаруашылығы секторы - 0,13%, мұнай-газ секторы – 35,54%, телекоммуникация секторы – 4,86%, көлік – 5,89%, тамақ секторы – 4,87% және технология секторы – 4,85% үлесін алады.

- Мемлекеттік облигациялар **15,68%**
- Қаржы секторы **37,93%**
- Ауыл шаруашылығы секторы **0,06%**
- Мұнай-газ секторы **29,12%**
- Телекоммуникациялар **4,06%**
- Көлік секторы **4,82%**
- Тамақ секторы **4,14%**
- Технология секторы **4,20%**

Нарықтағы жоғары құбылмалылыққа байланысты қор 2023 жылдың сәуір айында мәмілелер жүргізген жоқ.

Географиялық құрылым



Роман ПОПОВ

Қазынашылықтың басқарушы директоры

Компаниялар мен жеке инвесторлар үшін қазынашылық құралдарды, пай қорларын және басқа да инвестициялық өнімдерді әзірлеу мен іске асыруда мол тәжірибесі бар. Қазақстанның ең ірі инвестициялық банктерінде жеті жылдан астам жұмыс істейді

«Фридом Финанс» АҚ,
Тел.: +7.727.311.10.64/65
ҚР, 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғ., 77/7-үй,
«Esentai Tower» БО, 7-қабат